

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CCIN4277>**Г. А. Жумабекова, Р. М. Муталиева**Торайғыров университеті»,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.**ӘБІШ КЕКІЛБАЙ КӨСЕМСӨЗІНДЕГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада Ә. Кекілбайдың «Тіл және тәуелсіздік» жинағындағы қазақ тілі мәселелеріне арналған көсемсөзі қарастырылады. Ә. Кекілбай көсемсөзі негізінде отаршылдық кезінен бастап бүгінгі күнге дейінгі қазақ тілінің мәселелеріне жан-жақты сипаттама беріліп, талдаулар жасалады. Көсемсөзінің Ресей патшалық өкіметі мен кеңес одағының қазақ тілін жоюдағы саясаттарының іске асырылуын нақты деректермен көрсетіп, сипаттағаны талданады. Көсемсөзінің кеңес өкіметі тұсындағы қазақ әдебиетіне жасалған идеологиялық қысым, қазіргі мемлекеттік тілімізге зиянын тигізіп отырған кешегі бодандық сананың зардаптары туралы ашық жазғандығы сөз болады. Автор тарапынан Ә. Кекілбайдың «қоркөкірек», «көркөкірек» сияқты сөздері «папиллярлық стилистикасы» атауына жататындығы алғаш рет дәлелденеді. Қаламгер мемлекеттік тілді көтеру үшін білімнің мемлекеттік тілде берілу шартына қатысты ескеретін мәселені алға қояды. Қазақ тілін дамытудағы бұқаралық ақпарат құралдары ролінің маңыздылығына тоқталады. Дамыған батыс елдерінің тілдік тәжірибелерінен үлгі алу, білім беруді қазіргі заман талабына сай жүргізуді қолға алу, қазақ ұлтының дамуы, ана тілінде білім алудың қажеттілігін бірінші кезекке қою керектігі, Қазақстанды озық білімді елге айналдыру, бізге ұлт-мемлекет құрудың тиімді жүйесі керектігі, қазақ тілін сақтап қалудың қамы сияқты ұсыныстары талданады.

Кілтті сөздер: көсемсөз, тіл, қазақ тілі мәселелері, Ресей патшалық өкіметі, кеңес өкіметі, папиллярлық стилистика, ұсыныстар.

Кіріспе

Ә. Кекілбайдың «Тіл және тәуелсіздік» жинағында тіл туралы мынадай мақалалары топтастырылған: «Әңгімені әлімсақтан бастасaq», «Өшпенділік өзгешелікті өгейсітуден басталады», «Әлімжеттік пен әділет», «Заманнан заман оралған», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Ұлт бостан болмайынша адам бостан бола алмайды», «Тіл мерейі – ел мерейі».

Көсемсөзінің тіл мәселесін қаузаған мұндай мақалалары кезінде «Егемен Қазақстан» газетінде дүркін-дүркін жарияланып тұрды.

«Тіл және тәуелсіздік» жинағында Әбіш Кекілбай тек қазақ тілі аумағында ғана сөз қозғамайды. Қазақ елі сияқты басқа да отар болған Африка, Үндістан сияқты елдердегі тіл мәселесін сараптайды. Мысалы, Африкадағы тіл туралы айтқанда: «Қай-қайсының құрамы да көптайпалы, көптілді еді. Олардың біреуін мемлекеттік тіл ретінде тандап алу орасан зор қиындықтар туғызды. Кейбір мемлекеттерде шағын этностар өте көп. Бір-бірінің тілін түсінбейді. Мәселен, Нигерияда 400 тіл бар. Содан ұлттық тіл ретінде үш тіл тандалды» [1, 261 б.].

Автордың «Индиядағы толыққанды тілдер 400-ден 700-ге дейінгі аралықта көрінеді» [1, 262 б.] – деген пікірінен көшпенді халықтарға ежелгі сақ заманынан бері монолингвизмнің төн екенін дәлелдеу болса керек. Жазушы өз ойына дәлел ретінде XI-XII ғасырлардағы Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани еңбектерін келтіреді де «Еуразиядағы ең үлкен мемлекет болған Алтын Орда империясының басты түсінісу құралы қыпшақ тілі болғаны, ал оның қалыптасуы мен жан-жаққа таралуының қайнар көзі бұрынғы қыпшақ, қазіргі қазақ даласы болғаны әмбеге аян» [1, 267 б.] екендігін дәйектейді.

Қазақ тілі мәселесін Әбіш Кекілбай сияқты әлемдік деңгейде басқа отар болған елдердің тілдерімен салыстырып, нақты фактілер келтіре отырып, кеңестік дәуірдегі қазақ тілін құрту үшін жасалған неше түрлі саясаттың ұнғыл-шұнғылын ашып көрсеткен автор болған жоқ десек те болады. Осыдан мақаланың өзектілігі аңғарылады.

Материалдар мен әдістер

Әбіш Кекілбай көсемсөзіндегі ерекшеліктерді ашу үшін салыстыру, зерттеу, логикалық, сараптау әдістері қолданылды. Қаламгердің көсемсөзінде Қазақстанның жетпіс жыл бойы отар ел болуына байланысты дүниежүзілік тарих, саясат туралы келтірген фактілерін анықтау үшін зерттеу әдісін қолдандық. Логикалық әдіс арқылы Ә. Кекілбайдың аналитик публицист екені анықталды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ тілі мәселесін XX ғасырдың басында Алаш қайраткерлері де көтерген болатын. Ахмет Байтұрсынов сол кездегі оқыту тіліне байланысты

былай дейді: «Хүкіметке жағымдысы – қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, күкіметке онан артық ұнамды іс болмас» [2, 267 б.]. Ресей патшалық өкіметі мен кеңес одағының қазақ тілін құртудағы мүдделерінің ортақтығы осыдан аңғарылады.

Мағжан Жұмабаев кеңес өкіметі орнағаннан кейін-ақ 1922 жылғы «Педагогика» еңбегінде ұлт үшін тілдің қаншалықты маңызды екенін айтып кеткен болатын: «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» [3, 289 б.].

Халел Досмұхаммедұлы да қазақ тілі туралы өзінің кесімді пікірін айтқан: «Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» [4].

Кеңес өкіметі кезіндегі білім арқылы қазақ тілін құрту туралы былай дейді: «Орыспен орыстай болып сіңісіп кету» – біздегі білімділіктің бірден-бір критерийі болды. Бұл арқылы жекелеген адамдар өскенімен, ұлт өспейтіні белгілі» [1, 282 б.].

Әбіш Кекілбайдың бұл пікірін кезінде америка ғалымы Л. Крадер «Орта Азияның адамдары» атты еңбегінде айтып кеткен болатын. Л. Крадер бұл еңбегінде кеңес өкіметі кезінде КСРО халқын бір тілде сөйлету, орыстандыру саясаты болған деген пікір білдірген [5].

Ә. Кекілбай қазақ тілінің кезінде қалалар мен аудандарда қолданыстан қалғанын ашы шындық ретінде мәлімдейді: «Ұлттық сезімнің ең соңғы қамалы болып есептелетін ана тіліміздің де басына шындап күн туды. Ол негізінен шалғай ауылдарға, ошақ қасы, отбасына жер аударылды деуге де болатындай еді. Астана, облыс орталықтары түгілі, аудан орталықтарында үй ішілік қатынас тілі болудан қала бастады [1, 21 б.], – дейді.

Әбіш Кекілбайдың осы пікірін америкалық ғалым У. Фиерман құптап: «Бұл мәселе, әсіресе тіл саласында қолданылды. Кеңес дәуірінде қазақ тілі республиканың аудан, ауыл аймақтарында бұрынғыдай басымырақ болып қалса да, қала этникалық қазақтары арасында қазақ тілінің орнын орыс тілі басты» [6, 398 б.].

Көсемсөзші қазақ ұлтының санын азайту және тілін құрту жолындағы жасаған қасақана амалдары туралы: «Кеңестендіруді желеулетіп, орыс өкілдерін сіңіру, индустрияландыруды желеулетіп, орыс тұрғындарын көбейту, тың көтеруді желеулетіп, орысшылдану, кемелденген социализмді желеулетіп, жаппай орыстану саясаты кезек-кезегімен жүйелі түрде жүзеге асырылды. Жергілікті халық 1939 жылы 46%-ға түсіп, соғыстан

кейінгі миграциялық топан-селдер тұсында 34-35%-ға дейін құлдырады» [1, 271 б.], – деп сандық статистикалық мөлшерін айқындайды.

Ә. Кекілбай келтірген қазақ ұлтының азаюы туралы мәлімет Уильям Фиерман келтірген мәліметпен бірдей [6, 404 б.] екендігіне көз жеткіземіз.

Жоғарыда аталған ғалым У. Фиерман еңбегінде: «Бұл көбінесе патша және кеңес дәуіріндегі қазақ мәдениетін орыстандырумен байланысты болды. Қазақстан тәуелсіздігінен кейін этникалық қазақ халқының басым бөлігі, әсіресе білімді қала тұрғындары қазақ емес, орыс мәдениетін көбірек сезінді» [6, 398 б.], – дейді.

Қаламгер кеңес өкіметінің қазақ даласында «африкаландыру» саясатының жүргізілу сырын: «Ойлап таппайтыны жоқ орталық қазақ даласының әр аймағын экономикалық жағынан көршілес республикалардың шектес аймақтарына еріксіз қосақтайтын аумақтық-өнеркәсіптік кешендер құрылып, республиканың ішкі аумақтық-шаруашылық байланыстары мен тұтастығын әлсіреткен үстіне әлсірете түсуді қолға алды» [1, 271 б.], – деп сараптайды.

Кеңес өкіметі тұсындағы қазақ әдебиетіне жасалған идеологиялық қысымды: «...көркем шығарманың кейіпкерлерінің қаншасы қазақ, қаншасы басқа екендігі «пайызға» шағылғандығын» [1, 276 б.], – айғақтайды. Кеңес дәуіріндегі көркем шығармаларда басқа ұлт өкілдері міндетті түрде «көсемдік» жасайтын басты образдар болғанын айта кеткен жөн.

Қазақ ұлтының санасын жуық арада түзелмейтіндей етіп құртуы және оның қазіргі зардаптары: «...тоталитаризм мен отаршылдық психологиясына әбден бауыр басып, ғасырлар бойы салпақтаған соқпақтан шыққысы келмейтін ұлттық нигилизмнен әлі арыла алмай жатқандығымыз» [1, 279 б.], – соның нақты нәтижесі.

Автор кеңес дәуірі кезінде қазақтардың ұлттық намыстан айырылып қалғандығын суреттеген тұста: «Тәуелсіздік туын баяғыда көтерсек те, бүгінгі ұрпақтың талайының азаматтық намысы сол баяғы бетегеден биік, жусаннан аласа қалпында қалып отыр» [1, 279 б.], – деп тұжырымдайды.

Қазіргі мемлекеттік тілімізге зиянын тигізіп отырған кешегі бодандық сананың зардаптары туралы: «Бүгінде мемлекеттік тіліміздің адымын аштырмай тұрған – кешегі бодандық сана бүгін әр нәрсеге бір құмартқан сипатқа ауысып, утилитарлық пайдакүнемдіктің тығырығына тіреліп, ұлттық сананы да сол тұйыққа қамап, шығарғысы келмейтін салбөксе самарқаулықтан... «Жаны ашымастың қасында басым ауырмас» дейтін безбүйректікке мойынұсынушылықтан» [1, 280 б.], – дейді.

Ә. Кекілбай кеңес одағы кезіндегі құлдық психология кесірінің зардабын қазіргі күні қаншалықты тартып келе жатқанымызды: «...барлық пәле – өзімізден. Күні кешеге дейін құл болып тәрбиеленгендігімізден.

Бодан кезіндегі мінезімізден бостан кезімізде де айырыла алмай отырғандығымыздан. Тіл намысы – ел намысы екендігін ұмытып, «қазақша оқығанда балаң ертең нан таба ала ма, жоқ па?!» деген кешегі қоркөкірек уайымның енді «орысша оқымаса, балам ертең бай бола алмай, бастықтыққа қолы жетпей шерменде болып қалып жүрмей ме?!» деген қоркөкірек пысықайлықпен алмасып, күлдікөмеш пиғылдан алысқа ұзап кете алмай жүргенімізден» [1, 280 б.], – екендігін айғақтайды.

Осы мысалдағы «қоркөкірек» – бейшара адам, «қоркөкірек» – надандық сөздері автордың өзіне тән соны тіркестері креативті байламдарға жатады. Бұл мысалдағы «қоркөкірек», «қоркөкірек» сөздері автордың «папиллярлық стилистикасын» көрсетеді.

Қаламгер қазақтардың өз тілін үйренуге талпыныстың жоқтығын, ұлттық намыстың жетіспеуін ашына жазады: «Үкімет те өзгерді, заман да өзгерді. Өзгермеген тек өзіміз» [1, 281 б.].

Ә. Кекілбайдың замандастары да кезінде қазақ тіл мәселесін көтерген. Мәселен, көсемсөзші М. Мағауин «Тілден айырылу ақыр түбінде ұлттық санадан да айырылуға бастайтыны рас» [8], – десе, ал Ш. Мұртаза «Мен бірдене білсем, қазақ тілінің жауы өзгелерден гөрі, өз қазағымыздың арасынан көбірек шығып тұр» [9], – деп ашық пікірлер білдіргені белгілі.

Көсемсөзшінің космополитизмнің патриотизмге әсері туралы мынадай көзқарасы аңғарылады: «ағылшын, француз басқа да шет тілдерімен емін-еркін сөйлей білетіндігімен мақтана бастады. Әрқилы елдердің аксүйектері шетелдіктермен тамаша сөйлесіп, ал өз елінің тілінде екі сөздің басын қоса алмаған. ...Бұрынғы бодан елдер тәуелсіздік алғаннан соң жастарын шетелге көптеп жіберді. Олар батыс университеттерінде космополиттік білім алуға құмартты» [1, 284 б.].

Суреткердің «Бізде осы заманғы білімді құрайтын пәндердің бәрі дерлік метрополия тілінде оқытылып келді. Көп уақытқа дейін халқымыздың басым көпшілігі ауылда болды. Ауылдан келгендердің көбі оқу-ағарту, ауыл шаруашылығы сынды дәстүрлі мамандықтарға түсті. Индустрияда білімді маман түгіл жұмысшы болмақтың мүмкіндігі ілуде біреуге ілікті. Сөйтіп, индустриялы елдегі аграрлы өркениет өкілдері болып күн кештік. Бұл – біздің басымыздағы ең басты сәйкессіздік еді. Осы заманға тіршіліктің негізгі тінін құрайтын саладағы мұндай бейтараптық пен бойкүйездік барлық әлеуметтік кедейліктерімізге негізгі өзек болды» [1, 322 б.], – деген тұжырымынан кеңес өкіметі тұсындағы белгілі бір мамандыққа байланысты қазақтарға білім беру саясатының сыр-сипатын ашық жазғанын бағамдаймыз.

Қорытынды

Көсемсөзші мемлекеттік тілді көтеру үшін мынадай ұсыныстарын алға тартады:

1 Білімнің мемлекеттік тілде берілу шартына қатысты ескеретін мәселені алға қояды: «Егер барлық пән бойынша барлық дәрежеде білім бере алсақ қана, ана тіліміз мемлекеттік тіл бола алады. Онсыз биліктің тілі, ұлттық тіл, мемлекеттік тіл болмай, аудармашылар мен халықтың белгілі бір бөлігі ғана білетін этнографиялық құбылыс күйінде қала береді» [1, 285 б.].

2 Қазақ тілін дамытудағы бұқаралық ақпарат құралдары рөлінің маңыздылығына тоқталады: «Тілдің бағын жандыратын тағы бір сала – ақпарат екені даусыз. Ол қазақша сөйлемей, ел қазақша сөйлемейді» [1, 285 б.].

3 Дамыған батыс елдерінің тілдік тәжірибелерінен үлгі алу керектігі туралы: «Бір кезде еуропалық гимназиялар шәкірттеріне ең кемі үш тіл үйретіпті. Біріншісі – ана тілі. Екіншісі – ата-бабалар сөйлеген бағзы тіл. Грек, латын немесе көне славян тілдері. Үшіншісі – өздері мекендейтін кеңістіктегі оза дамып келе жатқан елдердің бірінің тілі. Кейін соның арқасында ұлттық дамулары ойдағыдай қарқын ала бастаған соң, әлгіндей үшке жарылтатын ауыр бейнеттен арылған. Адамзаттық интеллектуалдық ақпарат банкін өз тілінде қалыптастыруға күш салған. Ғылыми аударманы жолға қойған. Тәуелсіз кемелденуімізді қамтамасыз ету үшін біздің де осы тәжірибеге жүгінбегіміз шарт» [1, 283 б.].

4 Білім беруді қазіргі заман талабына сай жүргізуді қолға алу керектігін түсіндіреді: «Біздер де білім беруді осы заманға лайықтап реформалауға мәжбүрміз. Бірақ, оны өз тілімізде жүзеге асырғанымыз жөн. Осы заманғы ғылыми-техникалық революция тілдік монополизмге емес, тілдік плюрализмге қызмет етеді деген сөз. Мұндай тиімді мүмкіндікпен пайдаланбау деген сөз – өз тілін мен өз мәдениетіне жаның ашымау деген сөз» [1, 284 б.].

5 Қазақ ұлтының дамуы туралы: «Ұзақ жыл бодандық көрген халықты бостандыққа үйрететін тәуелсіз мемлекет. Ұлт-мемлекеттің көсегесін көгертетін – ұлттық даму» [1, 322 б.].

6 Ә. Кекілбай ана тілінде білім алудың қажеттілігін бірінші кезекке қою керектігі жөнінде азаматтық ұстанымын білдіреді: «Білім берудің демократиялық жүйесін ойдағыдай жолға қою арқылы шешіледі. Оның тиімді жолдарының бірі – азаматтарға ана тілінде білім беру. Өйткені, элиталық білім кім-кімнің қолына түсе бермейді. Тек сондай білім ала алған әлеуметтік күштер ғана өз билік орындарының қызметін ойдағыдай бақылай алады. Осы заманғы бәсекеге төтеп бере алу үшін әлгіндей салықалы азаматтық қоғам орнатуымыз қажет» [1, 325 б.].

7 Қазақстанды озық білімді елге айналдыруды көздейді: Әбіш Кекілбайұлы Түркия елінің білім берудегі реформасының дұрыс екендігін мысал арқылы келтіреді: «Мұстафа Кемал Ататүрік Түркияны ұлт-

республика, ұлттық мемлекет ретінде өркендеткісі келді. Реформаны білім беруден, тіл саясатынан бастады» [1, 319 б.].

Бұл елде қазіргі күннің өзінде білім мәселесі өзекті болып есептеледі. Түрік ғалымы А. Гиргиннің пікірінше «Білімнің дамуы ұлт үшін және ұлтаралық байланыс үшін өте маңызды» [7, б. 2] болып табылады. Қазіргі уақытта Түркия елі кезінде дұрыс қабылданған шешімнің нәтижесін бүгін көріп жатыр десе болады. Олар түрік тілін түрлі мемлекеттерде «Төмер» тіл курстары арқылы оқытып жатқандығы белгілі.

8. Бізге ұлт-мемлекет құрудың тиімді жүйесі керек екендігін түсіндіреді: «Ұлттық тілдің дүниетанушылық, білім берушілік, өмір зерделетушілік қызметтерін тұтасымен қайта құруды талап етеді» [1, 320 б.].

9. Қаламгер қазақ тілін сақтап қалудың қамы туралы толғанады: «Ең алдымен туған тілімізді жұмыла үйреніп, жабыла меңгеріп, жан аямай дамытып, нағыз осы заманғы білім алу мен зейнет көрудің ең шешуші құралына айналдыруымыз қажет» [1, 326 б.].

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, Ә. Кекілбайдың мемлекеттік тілді дамытудағы ұсыныстарында авторлық философиясының трансформациялану үдерісін байқауға болады. Өйткені, тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін қаламгерлер ой-санасында жаңаша көзқарас, байламдар орын алып, әлемдік кеңістік өрісіне ойыса бастады. Мәселен, көсемсөзші білімнің алдымен мемлекеттік тілде берілу керектігін айта келіп, дамыған батыс елдерінің тілдік тәжірибесінен үлгі алуды, білім беруді қазіргі заман талабына сай жүргізуді дұрыс деп тұжырады. Ә. Кекілбайдың ұсыныстарынан кеңес өкіметі кезіндегі моноидеологиялық білімнің орнына әлемдік дамудың үрдістеріне негізделген демократиялық, бәсекелестік, адам капиталын дамыту сияқты жаңа білім беру жүйесіне көшу керек деген авторлық философиясының барлығына көз жеткіземіз.

Әбіш Кекілбай қазақ тілінің патша өкіметі кезінен бастап қаншама қыспақтан өткенін ғылыми түрде баяндап берді. Сонда да қазақ тілі қайтадан жанданып, қазіргі таңда мемлекеттік тіл дәрежесіне жетті. Әлемдік тілдер рейтингісімен салыстырар болсақ: «Бүгінгі таңда қазақ тілі – 16 197 000 сөйлеушісі бар тіл. Қазақ тілі бұл жағынан әлемдегі ірі 40 тілдің қатарына енеді. Қазақ тілі сөйлеушісі көп ең ірі бес тілдің қатарына кіріп отыр» [10].

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Кекілбаев, Ә.** Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы : 10-том. Көсем сөздер / Ә. Кекілбаев. – Алматы, Жазушы, 2010. – 328 б.

2 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол : Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу / А. Байтұрсынов. – А. : Жалын, 1991. – 464 б.

3 **Жұмабаев, М.** Шығармалар : 2,3-том. / М. Жұмабаев. – А. : Білім, 1996. – 512 б.

4 Қазақ тілі туралы атақты адамдардың айтқан сөздері // <https://surak.baribar.kz/633955/>

5 **Krader, L.** Peoples of Central Asia / L. Krader. – Bloomington : Indiana University, 1971. – 274 p.

6 // <https://cyberleninka.ru/article/> [Электронды ресурс]

7 **Girgin, A.** Gazeteciligin temel ilkleri. Istanbul Topkapı. – 387 s.

8 Мұхтар Мағауин. Ұлтсыздану ұраны. [Электронды ресурс] <https://abai.kz/post/3650> (19.04.2019)

9 Шерхан Мұртаза. Тіл туралы. [Электронды ресурс] <https://abai.kz/post/105900> (10.09.2012)

10 Қазақ тілі туралы деректер. [Электронды ресурс] https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/15446/ (07.09.2015)

References

1 **Kekilbaev, Á.** Shyǵarmalarynyń jyrma tomdyq tolyq jinaǵy : 10-tom. Kósem sózder. Ed. Á. Kekilbaev. – Almaty : Jazyshy, 2010. – 328 p.

2 **Baitursynov, A.** Aq jol : Óleńder men tárjimeler, pýblisistikalyq maqalalar jáne ádebi zertteý. Ed. A. Baitursynov. – Almaty : Jalyn, 1991. – 464 b.

3 **Jumabaev, M.** Shyǵarmalar: 2,3-tom. / M. Jumabaev. – A.: Bilim, 1996. – 512 p.

4 Qazaq tili týraly ataqty adamdardyń aitqan sózderi [Electronic resource]. – <https://surak.baribar.kz/633955/>

5 **Krader, L.** Peoples of Central Asia / L. Krader. – Bloomington : Indiana University, 1971. – 274 p.

6 // <https://cyberleninka.ru/article/> [Electronic resource]

7 **Girgin, A.** Gazeteciligin temel ilkleri. – Istanbul Topkapı 387 s.

8 **Muhtar Maǵayın.** Ultsyzdaný urany. [Electronic resource]. – <https://abai.kz/post/3650> (19.04.2019).

9 **Sherhan Murtaza.** Til týraly.[Electronic resource]. – <https://abai.kz/post/105900> (10.09.2012).

10 Qazaq tili týraly derekter.[Electronic resource]. – https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/15446/ (Accessed 07.09.2015).

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Г. А. Жумабекова, Р. М. Муталиева

Проблемы казахского языка в публицистике абиша кекильбая

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье рассматривается публицистика из сборника «Тіл және тәуелсіздік (Язык и независимость)» А. Кекильбая, посвященная проблемам казахского языка. Основываясь на публицистику А. Кекильбая делается анализ и всесторонняя характеристика проблем казахского языка с колониальной эпохи до наших времен. Анализируются приведенные конкретные сведения и описания публициста, свидетельствующие об осуществлении политики по уничтожению казахского языка Властями Царской России и советского союза. Отмечается то, как публицист открыто писал, как оказывалось идеологическое давление советской властью на казахскую литературу, о последствиях подданского сознания, наносящего вред современному государственному языку. Со стороны автора было доказано впервые что, такие слова А. Кекильбая, как «қорқөкірек (беспомощный, бедолага)», «көркөкірек (невежественный, безграмотный)» относятся к папилярной стилистике. Публицист продвигал проблему поднятия статуса государственного языка, для этого считал необходимым перевести образование на казахский язык. Отмечал значимость роли средств массовой информации в развитии казахского языка. Анализируются такие его предложения, как сохранение казахского языка, создание эффективной системы национального государства, превращение Казахстана в страну с передовыми знаниями, необходимость постановки на первый план потребности в знании родного языка, развитие казахской нации, осуществление образования в соответствии с современными требованиями, использование примера языкового опыта западных развитых стран.

Ключевые слова: публицистика, язык, проблемы казахского языка, власть Царской России, советская власть, папилярная стилистика, рекомендации.

G. A. Zhumabekova, R. M. Mutaliev

The problems of the Kazakh language in journalism of Abish KekilbayToraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 18.09.20.

The article considers the journalism from the collection «Til zhane Tauelsizdik (Language and independence)» by A. Kekilbay, devoted to the problems of the Kazakh language. Basing on the journalism of A. Kekilbay, the analysis and comprehensive characteristics of the problems of the Kazakh language from the colonial era to our times are made. The given specific data and descriptions of the publicist testifying to implementation of policy on destruction of the Kazakh language by the Authorities of Imperial Russia and the Soviet Union are analyzed. It is noted how the publicist openly wrote, how the ideological pressure of the Soviet power on the Kazakh literature was exerted, about the consequences of the national consciousness, harming the modern state language. From the author's side it was proved that such words of A. Kekilbay as «qorkokirek (helpless, poor fellow)», «korkokirek (ignorant, illiterate)» refer to papillary style. The publicist promoted the problem of raising the status of the state language, for this he considered it necessary to translate education into the Kazakh language. He noted the importance of the role of mass media in the development of the Kazakh language. The author analyzes such proposals as the preservation of the Kazakh language, the creation of an effective system of the national state, the transformation of Kazakhstan into a country with advanced knowledge, the need to highlight the need for knowledge of the native language, the development of the Kazakh nation, the implementation of education in accordance with modern requirements, the use of the example of the language experience of Western developed countries.

Keywords: journalism, language, problems of the Kazakh language, power of Tsarist Russia, Soviet power, papillary style, recommendations.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz